

ХВҚ Басқарушы директоры К.Лагард
ХВҚ Өңірлік конференциясына қатысу үшін Қазақстанға келді

2016 жылғы 24 мамырда Астана қаласында Астана экономикалық форумына орай Халықаралық Валюта Қорының Өңірлік конференциясы шеңберінде ХВҚ Басқарушы директоры Кристин Лагардтың сапары өтуде.

Бұл сапардың барысында К.Лагард ханымның ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Д.Ақышевтың қатысуымен ҚР Президенті Н.Назарбаевпен, сондай-ақ ҚР Премьер-Министрі К.Мәсімовпен және үкіметтің экономикалық блокқа жауап беретін өкілдерімен кездесулері өтті.

К.Лагард Nazarbayev University бойынша турға қатысты, онда ол жаһандық және өңірлік ахуал, сондай-ақ Қазақстан, Кавказ және Орталық Азия үшін сын-қатерлер мен мүмкіндіктер тақырыбына дәріс оқып, құрметті қонақтар кітабына қолтаңбасын қалдырды.

Бұдан әрі Орталық Азия, Кавказ, Еуразиялық өңір елдерінің экономикалық блогының бірінші басшыларының қатысуымен ХВҚ Өңірлік конференциясын өткізу жоспарланып отыр. Экономикалық ахуалдың ағымдағы мәселелерін және ХВҚ тарапынан Орталық Азия, Кавказ, Еуразиялық өңір елдерінің орнықты өсуіне ортамерзімді болашақта жәрдемдесу мәселелерін талқылау жоспарлануда.

Іс-шара аяқталғаннан кейін К.Лагард пен К.Мәсімовтің қатысуымен шетелдік және қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін баспасөз конференциясы өтеді және одан кейін ХВҚ Басқарушы директорының шақырылған елдердің үкімет басшыларымен екіжақты кездесулерін өткізу жоспарланып отыр.